



Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 1031 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 1031 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 401-4-жолмен толықтырылсын:

"401-4. "Қазақ Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.";

"Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірі 408-1-жол алып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"1. Министрлік" деген бөлім мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. "Қазақ Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы."

3. "Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 863 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

1-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын.

4. "Қазақ Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 36 қаулысында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі осы қаулыға қосымшаға сәйкес өзінің балансындағы республикалық мүлік есебінен КеАҚ жарғылық капиталын қалыптастыруды қамтамасыз етсін.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) КеАҚ жарғысын бекітуді;

2) мемлекеттік тіркеу үшін КеАҚ атынан құжаттарға қол қоюға, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға және басқару органдары құрылғанға дейін үшінші тараптардың алдында оның мүдделерін білдіруге уәкілетті тұлғаны сайлауды;

3) КеАҚ-ны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

4) Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне КеАҚ акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын беруді;

5) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.";

көрсетілген қаулыға қосымша осы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен
толықтыруларға
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 25 қаңтардағы

"Қазақ Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғылық капиталын төлеуге берілетін республикалық мүліктің тізбесі

Р/с №	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің балансындағы мүлік			
1	Ақтау қаласы, 4 "А" шағын ауданы, 19-ғимарат мекенжайы бойынша, ауданы 0,7987 га, кадастрлық нөмірі 13:200:010:230 жер учаскесінде орналасқан әкімшілік ғимарат, жалпы ауданы 1640,5 ш.м, кадастрлық нөмірі 13:200:010:230:19/А	бірлік	1
2	Ауданы 0,7987 га жер учаскесінде орналасқан қоршау, кадастрлық нөмірі 13:200:010:230:19/II	бірлік	1
3	0,7987 га жер учаскесінде орналасқан төсем, кадастрлық нөмірі 13:200:010:230:19/I	бірлік	1
1	2	3	4
4	8 порттың РОЕ коммутаторы	дана	4
5	Ішкі IP камерасы	дана	22
6	Көше IP камерасы	дана	9
7	PTZ камерасы	дана	1
8	CD 245 ішкі күмбезді камерасы	дана	1
9	Барлық ауа райына жарайтын, күндізгі/түнгі 1/3 420 ТВЛ түсті бейнекамерасы	дана	2
10	КРС 132 AV-Tech камерасы	дана	3
11	Ауабаптағыш	дана	1
12	Аlmacom АСН 018 Н1 ауабаптағышы	дана	1
13	Аlmacom АСН 09 Н1 ауабаптағышы	дана	3

14	А С Н 09 Н 1 ауабптағышы	дана	7
15	А С Н 12 Н 1 ауабптағышы	дана	13
16	А С Н 18 Н 1 ауабптағышы	дана	4
17	А С Н 24 Н 1 ауабптағышы	дана	2
18	Күмбезді камера	дана	4
19	Арнайы циркуляциялық сорғы	дана	1
20	Sanivort 605A сорғы кәріз станциясы	дана	2
21	Тіркеуіш	дана	1
22	CHIGO сплит-жүйесі, 12- ші ALBA сериясы, 36 ш.м (ауабптағыш)	дана	1
1	2	3	4
23	Фантазия FS-07H сплит-жүйесі (ауа баптағыш)	дана	1
24	Үш фазалы көп тарифті жиынтықтағы Дала электрондық есептегіші	дана	1
25	Турникет	дана	1
26	Кронштейні бар көше камерасы	дана	9
27	COP DVR 162M цифрлық бейнетіркеуіші, 16 арналы, 500 Gb (бейнебақылау жүйесі)	дана	1
28	Экстендер	дана	1
29	Кабинетке арналған перделер (шілтер перде)	дана	1
30	Қабылдау бөлмесіне арналған перделер	дана	1
31	Жалюзи	жиынтық	1
32	Лазерлік принтер	дана	1
33	Көпфункционалды құрылғы (принтер)	дана	1
34	B205NI монохромды көпфункционалды құрылғысы A4 B205NI (2020) (принтер)	дана	2
35	Ricoh LE SP C360DNw түсті принтері	дана	1

36	XEROX B205NI монохромды көпфункционалды құрылғысы (принтер)	дана	2
37	Pantum P2500w принтері	дана	11

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК